

"Брокерлік қызмет бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және ашу" 33 бухгалтерлік есеп стандартын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 16 шілдедегі № 137 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 16 қыркүйекте № 9735 тіркелді.

"Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы №1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі төртінші абзацының 13) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2025 № 105 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған "Брокерлік қызмет бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және ашу" 33 бухгалтерлік есеп стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Брокерлік қызмет бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және ашу" 33 бухгалтерлік есеп стандартын бекіту туралы" 2011 жылғы 26 тамыздағы № 108 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7236 тіркелген, "Заң газеті" газетінде 2011 жылғы 1 қарашада № 159 (1975) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Қ. Келімбетов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі
Министр Б. Сұлтанов
2014 жылғы 15 тамызда

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2014 жылғы 16 шілдедегі
№ 137 қаулысымен бекітілген

"Брокерлік қызмет бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және ашу"

33 бухгалтерлік есеп стандарты

1-тарау. Мақсаты және қолданылу аясы

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 14.10.2019 № 172 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Осы "Брокерлік қызмет бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және ашу" 33 бухгалтерлік есеп стандарты (бұдан әрі – Стандарт) "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы №1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі төртінші абзацының 13) тармақшасына, "Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру қағидаларын, брокердің және (немесе) дилердің банк операцияларын жүргізу тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы № 9 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9249 болып тіркелген) бекітілген Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру қағидаларына, брокердің және (немесе) дилердің банк операцияларын жүргізу тәртібіне сәйкес әзірленді және бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның (бұдан әрі – брокер) қаржылық есептілікті жасаған кезде қолдануына арналған.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2025 № 105 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Бухгалтерлік есепті жүргізудің және брокер қаржылық есептілікте ашуы тиіс брокерлік қызмет жөніндегі ақпаратты ұсынудың ерекшеліктерін айқындау Стандарттың мақсаты болып табылады.

3. Стандарт халықаралық қаржылық есептілік стандарттарымен реттелмеген және оларға қайшы келмейтін мәселелерді қарастырады.

4. Стандарт брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар екінші деңгейдегі банктерге, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына қолданылмайды.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.11.2021 № 100 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Брокердің меншікті қаражатының портфелі бойынша есеп жүргізуі және есептілік жасауы үшін тиісті халықаралық қаржылық есептілік стандарттары қолданылады.

2-тарау. Стандартта пайдаланылатын ұғымдар

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 14.10.2019 № 172 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Стандарттың мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) баланстық шоттар – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы" 2008 жылғы 22 қыркүйектегі № 79 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5348 тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарының 2-тарауының 1-7-параграфтарында көзделген шоттар;

2) брокердің комиссиялық кірістері (шығыстары) – брокердің брокерлік қызмет бойынша қызмет көрсетуден алатын (шеккен) сыйақысы (шығыстары);

3) брокердің меншікті қаражатының портфелі – брокердің өз мүдделері үшін және меншікті қаражаты есебінен сатып алатын ақшасы, бағалы қағаздары және өзге де қаржы құралдары.

3-тарау. Есепке алу және бастапқы тану

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 14.10.2019 № 172 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Брокер клиенттерге тиесілі бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен, сондай-ақ ақшамен жасалған мәмілелердің есебін Стандарттың 8-тармағына сәйкес клиенттен қабылданған ақшаны брокердің меншікті бухгалтерлік балансында актив ретінде тану жағдайларын қоспағанда, баланстық шоттарда көрсетпестен баланстан тыс шоттарда жүргізеді.

8. Клиенттен қабылданған ақшаны брокердің меншікті бухгалтерлік балансында актив ретінде танудың критерийлері мыналар:

1) брокерде клиенттің жазбаша және (немесе) ауызша келісімін алмастан, брокердің ішкі құжаттарына сәйкес қабылданған шешім негізінде өзінің қалауына қарай клиенттің активтерімен мәмілені жүзеге асыру құқығының болуы;

2) брокерде клиенттің активтерімен жасалған мәміленің нәтижелеріне байланысты экономикалық пайданы алу құқығының болуы (брокердің комиссиялық кірістерін есептемегенде);

3) брокерде клиенттің активтері бойынша брокерлік қызмет көрсету туралы шарт талаптарын орындау барысында бағалы қағаздар нарығында кәсіптік қызметті жүзеге асырумен байланысты тәуекелдердің болуы.

Егер брокерлік қызмет көрсету туралы шарт талаптарына сәйкес осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген клиенттен қабылданған ақшаны брокердің меншікті бухгалтерлік балансында актив ретінде тану критерийлерінің жиынтығында орындалса, онда клиенттен қабылданған ақша баланстық шоттарда көрсетіледі және брокердің меншікті бухгалтерлік балансында меншікті активтер ретінде танылады.

Егер брокерлік қызмет көрсету туралы шарт талаптарына сәйкес осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген клиенттен қабылданған ақшаны брокердің меншікті бухгалтерлік балансында актив ретінде тану критерийлерінің жиынтығында орындалмаса, онда клиенттен қабылданған ақша баланстық шоттарда көрсетілмейді және брокердің меншікті бухгалтерлік балансында меншікті активтері ретінде танылмайды.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 14.10.2019 № 172 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Брокердің брокерлік қызмет көрсетуге байланысты шеккен және клиент өтеуі тиіс шығындары клиент оларды толық өтегенге дейін дебиторлық берешектің баланстық шоттарында көрсетіледі.

4-тарау. Брокерлік қызмет көрсету бойынша қызметтер көрсетуден кірістер (шығыстар)

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 14.10.2019 № 172 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10. Брокердің брокерлік қызмет көрсету бойынша қызметтер көрсетуден кірістері (шығыстары) болып брокердің комиссиялық кірістері (шығыстары) танылады. Мұндай кірістер (шығыстар) брокердің баланстық шоттарында және меншікті қаражатының портфеліндегі қаржылық есептілікте көрсетіледі.

5-тарау. Ақпаратты ашу

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 14.10.2019 № 172 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11. Брокерлік қызмет көрсету бойынша қызметтер көрсеткен кезде қаржылық есептілікте мынадай ақпарат ашылады:

1) брокерлік қызмет көрсету бойынша қызметтер көрсетуден туындаған міндеттемелер;

2) брокерлік қызмет көрсету бойынша қызметтер көрсетуден кірістер мен шығыстар

6. Қорытынды ережелер

Ескерту. 6-тарау алып тасталды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 14.10.2019 № 172 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК